«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Кәусар» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

Келісемін:
Қобда аудандық
білім бөлімінің басшысы:
Н.У.Айжарықов
________________

Бекітемін:
«Кәусар» бөбекжай - бақшасының
директоры м.а. Т.А. Ширманова
________________

**Мектепалды даярлық тобының**

**«Сөйле балдырған» таңдау курсының**

**бағдарламасы**

Егіндібұлақ ауылы 2021-2022 оқу жылы

Scanner App Lite

## Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр. Еліміздің 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшуіне байланысты жаңа мемлекеттік стандартты енгізу, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды.

## Бағдарламаның мақсаты:

Мемлекеттік тілді үйренуге дайын, ересектер мен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі жастағы бала тұлғасын қалыптастыру. Тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру. Ойын технологиясын қолдану арқылы баланың тілге деген қызығушылығын дамытып қалыптастыру және емін – еркін достарымен немесе өзін қоршаған ортамен сөйлесе білуге тәрбиелеу.

## Бағдарламаның міндеттері:

- Баланың сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға әзірлігін дамыту
- Создік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдану
- Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру, тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;
- ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту;

## Күтілетін нәтижелер:

Баланың тыңдалым, айтылым, тілдесім әрекеттерін қалыптастырады. Бала ойындарының мазмұны келесідей кезектілікпен дамиды:

- дидактикалық (ой-өрісті кеңейту, танымдық іс-әрекет; практикалық ісәрекетте қажет белгілі бір қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру және т.б.);
- дамытушылық (назарды, есте сақтауды, сөйлеуді, ойлауды, көз алдына елестетуді, қиялды, шығармашылық идеяны, заңдылықтарды орнату, оңтайлы шешімді табу қабілетін және т.б. дамыту);

Scanner App Lite

«Сөйле балдырған» таңдау курсының бағдарламасы
(Барлығы 36 сағат, аптасына 1 сағат)

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Білім еліне саяхат | Балаларға 1 – қыркүйек білім күні екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Білімнің қажеттілігі туралы әңгімелеу. | 1 |
| 2 | Жомарт күз | Күз туралы білімдерін тиянақтау. Күз айындаға адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. Ырыс құт – береке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорларын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту. | 1 |
| 3 | Бау – бақшада | Жеміс – жидек бау бақшада пісетінін және күз мезгілінде жинап алу керектігін түсіндіру | 1 |
| 4 | Нан қайдан келеді? | балаларға ертегінің мақсатын түсінуге көмектесіп түлкі мен қасқырдың жол үстінде жатқан етке тап болғанын, бір – біріне сен жей ғой деп айтқан сөздерін дұрыс түсінуге, қуана білуге тәрбиелеу. Ертегінің мазмұнын түсіне білуге үйрету. | 1 |
| 5 | Менің отбасым | Менің отбасым жайында балалардың ойын білу.Әке мен баланың арасындағы сүйіспеншілікті түсіндіру | 1 |
| 6 | Біздің үй | Балаларға үй,үй жиһаздары,ыдыстар туралы түсінік беру,танымын кеңейту,тілін дамыту.Грамматикалық тұлғада жүйелеі сөйлерде,сөйлемді толық,анық айтуға өз ойын жеткізе білуге үийрету | 1 |
| 7 | Қасқыр, түлкі, әтеш | Қасқыр, түлкі, әтеш ертегісін балаларға түсіндіру және түлкінің теріс әреткетін түсіндіру | 1 |
| 8 | Үй құстары | Балалардың құстар туралы білімдерін тианақтау. Қазақстанда кездесетін құстардың түрлерімен таныстыру. Үй құстарының әрқайсысының өздеріне тән қасиеттері туралы әңгіменлеу. Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға тәрбиелеу. | 1 |
| 9 | Үй жануарлары | Балаларды үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету.Олардың түрлерін бір бірінен ажыратуға ,әңгімені мұқият,зейін оқып ,тыңдауға үйрету.Олардың бізге тигізер пайдасын айту және олардын күтіп баптауға,қоғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | Жабайы аңдар | Сұраққа толық сөйлем құрап, жауап беруге үйрету. Жабайы жануарлардың кейбір ерекшіліктерін салыстыру мекендері, қоректену туралы түсінік беру. Аңдардың мінез құлқын бейнелейтін әңгіме арқылы балаларды анық | 1 |

Scanner App Lite

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сөйлеуге және оларды қорғауға үйрету. | |
| 11 | Ойыншықтар мерекесі | Балаларды ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту,ойыншықтардың аттарын атай отырып.оларды сипаттауға,ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | 1 |
| 12 | Ойыншықтар айтысы | Балаларды ойыншықтар туралы түсініктерін молайту,ойыншықтардың аттарын атай атай отырып ,оларды сипаттауға қалай ойнау керек жолдарын аша отырып ,ұқыптылыққа,әдемілікке тәрбейелеу.Ойыншықты ұқыпты ұстауға дағдыландыру. | 1 |
| 13 | Елордасы – Астана | Балалардың Елордасы –Астана туралы білімдерін тиянақтау, тіл байлығын, ой – өрістерін дамыту. Қаламыздың тарихи ескерткіштерін таныстыру және ескерткіштерді аялауға, демалыс орындарда өздерін ұстай білуге тәрбилеу. | 1 |
| 14 | Жылбасына таласқан хауанаттар | Жылбасына таласқан хайуанаттар туралы ертегіні айта отырып, балалардың қызығушылығын арттыру | 2 |
| 15 | Қысқы киімдер | Балаларға киім, киім түрлері туралы түсінік беру. Ұлттық киім мен күнделікті киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, жұмбақтар шешуге үйрету.Киімдерді таза, ұқыпты киінуге тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | Көңілді қыс | Балалардың қыс туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілдерінің ерекшіліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс баяндауға, байланыстыра сөйлеуге төселдіру. | 1 |
| 17 | Қысқы ойындар | Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | Тәуелсіздік төрімде | Балалардың тіл байлығын ,ой өрісін , сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту ,елімізді,жерімізді қадірлеуге,сүюге тәрбиелеу.Қазақстан картасымен таныстыру,балалардың жеке жұмыс істеу қабілетін жетілдіру.Диалогты сөйлеуге жаттықтыру. | 1 |
| 19 | Қош келдің, жаңа жыл! | Жаңа жыл мерекесін балалар өте қатты жақсы көреді, оларға жаңа жылдың ерекшелігін түсіндіру | 1 |
| 20 | Құстардың тіршілігі | Балаларға құстар туралы,олардың өмір сүру ортасы, табиғат бұрышындағы, жылы жаққа кететін және қыстайтын құстар өміріндегі адаманың рөлі туралы түсініктерін кеңейту . Құстардың жерде өмір сүретіндігі мен ауада ұша алатындығы жөніндегі ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру . | 1 |
| 21 | Көшедегі көліктер | Көліктердің бірнеше түрі бар екенін түсіндіре отырып, олардың ерекшелігімен айырмашылықтарын ұғындыру | 1 |
| 22 | Жеті қазынаның бірі | Балаларға жеті санының киелі екенін , жеті сурет бойнша ажырату.жеті қазынаны | 1 |

Scanner App Lite

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | атауға,еліне елеулі қызмет жасайтын азамат болуға ,айтылған ертегі бойнша қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру,ертегі бойынша анық ,мәнерлі сөйлеуге үйрету. | |
| 23 | Мамандықтың бәрі жақсы | Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып,болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетіп , қызығушылығын арттыру,еңбекке деген құштарлығын ояту,үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.Көлік,мамандығы туралы білімдерін тянақтау. | 2 |
| 24 | Бір уыс мақта | Сурет бойнша әңгіме құрастыруға,жұмбақтар білуге үйрету. | 1 |
| 25 | Көктем | Балалардың тілдерін дамытып, ой – өрісін кеңейту, сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге, әңгімелеп айтуға, берілген сұраққа нақты жауап беруге үйрету, құстарға, ағаштарға, қамкор болуға, еңбекшіл болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 26 | Аналар мерекесі | Аналарымызды құрметтеуге, аялауға тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | Хайуанаттар бағындағы қызықтар | Балаларға хайуанаттар бағындағы қызықтар туралы түсінік беру. Жабайы аңдартуралы қойылған сұрақтарға дағдыландыру. Мазмұнын өз қиялымен баяндауға, диалогты сөйлеуге үйрету. Рольдерге бөліп ойнауға үйрету. | 1 |
| 28 | Наурызға шашу | Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілік пен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | Наурыз мейрамы | Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге мерекелік көңілін көтеру, елге деген сүйіспеншілік пен бірге, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 30 | Алтын сақа | Алтын сақа ертегісін түсіндіре отырып, балалардың қызығушылығын арттыру | 1 |
| 31 | Ынтымақ мерекесі | Балалардың мерекелік көңілін көтеру, өздерінің ойларын ортаға салуға, тақпақ, әндерді анық нақты нақышына келтіре айтуға үйрету. Бірін – бір сыйлауға тәрбиелеу. | 2 |
| 32 | Жеңіс мерекесі | Баланың айналаны, өзін тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге, ренжетпеуге, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға үйрету. Тілдерін дамытып, ой – өрістерін кеңейту, сөздік қорларын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. | 2 |

Scanner App Lite

Пайдаланған әдебиеттер


1. «Сөйле балақай»Жинақ.Алматы 2009.
2. Өнегелі ертегілер. Алматы «Аруна» баспасы
3. «Бала тәрбиесі» журналы. 2011 – 2012 жыл топтамалары.
4. «Балдырган», «Айгөлек» журналдары. 2012 жыл.
5. Жыл он екі ай. 2012 жыл
6. «Балапан бағы» журналы жинағы.


Scanner App Lite